

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2018 жылғы « 27» қыркүйек

Базалық зейнетақы жойылмайды!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің отырысында «БЖЗҚ» АҚ басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаева қазіргі уақытта зейнетақы төлемдерінің екі көзден; мемлекеттік бюджеттен (базалық және ортақ зейнетақылар) және БЖЗҚ-дағы азаматтардың жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарынан төленетінін хабарлады. Сондай-ақ, ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңына сәйкес ортақ зейнетақыны 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде 6 ай еңбек өтілі бар тұлғалардың алтындығы атап өтілді. Сәйкесінше, 2040 жылдары зейнетке шығатын, 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін еңбек өтілдері жоқ азаматтар мемлекеттік бюджеттен төленетін базалық зейнетақы мен БЖЗҚ-ғы жеке зейнетақы шотындағы жинақтарға иек арта алады.

Осылайша БЖЗҚ басшысы зейнетақы төлемдерін тұрақты аудару арқылы жеке зейнетақы капиталын қалыптастырудың маңызды әрі қажетті екендігін баса атап өтті. Бұл ретте базалық құрамдауыштың жойылғаны жөнінде ешқандай әңгіме болған жоқ. Сәйкесінше бюджеттен тағайындалатын базалық зейнетақының 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап еңбек өтілі мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу уақытына тәуелді болатыны атап көрсетілді.

Бұдан бөлек, мемлекет салымшылардың БЖЗҚ шоттарындағы міндетті зейнетақы жинақтарының сақталуы үшін жауапкершілікті мойнына алады. ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 5 бабына сәйкес мемлекет алушыларға зейнетақы жарналарының міндетті түрлерін зейнетақы төлемдеріне құқығын алу сәтіне инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген сомалар мөлшерінде кепілдік береді.

Осылайша «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы базалық зейнетақының жойылуы және « зейнетақы сыйақысы үшін жауапкершіліктен мемлекет бас тартады» деген мәлімдеме жасады деген бұқаралық ақпарат құралдарында таратылған ақпараттың шындыққа жанаспайтындығын хабарлаймыз.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz